

#23-24

(959-960)

11 тамыз

2023 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН ЖАЗ ОЙЛА



2-БЕТ

КҮНГЕЙ БАҒЫТТЫҢ КЕЛЕШЕГІ



4-5-БЕТ

ЕНДІГІ ЖЕРДЕ ЗАМАН БАСҚА ДЕСЕК ТЕ...



6-9-БЕТ

Қазақстанда
жыл

30



Табысты серіктестікке 30 ЖЫЛ

Болашаққа бірге ұмтыламыз

Біз 1993 жылы Қазақстанмен әріптестік орнатқан алғашқы халықаралық энергетикалық компаниялардың бірі болдық. Сол кезден бастап "Шеврон" прогресті алға бастырған алып қуаттың көзіне айналды.

Отыз жылдық тарихы бар стратегиялық серіктестік барысында біз мыңдаған жұмыс орындарын ашып, отандық тауарлар мен қызметтерді пайдаланып, жергілікті мамандарды жетілдіруге күш салу арқылы Қазақстан экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қостық. Осы уақыт аралығында Қазақстан әлемдік энергетикалық державаға айналды.

Бүгінгі таңда "Шеврон" Қазақстанмен табысты ынтымақтастығының 30 жылдығын мақтанышпен атап өтуде.

Біз адамдардың өмірін жақсартуға, әлеуеттерін арттыруға және болашаққа бірге қадам басуға дайынбыз.

Толығырақ ақпарат <https://www.chevron.com/worldwide/kazakhstan> сайтында

the
human
energy
company®



▼ BRENT \$86.85

▼ USD 446,3 T

▼ EUR 490.5 T

▼ RUB 4,59 T

ЕКІБАСТҰЗ ТҰРҒЫНДАРЫ БЫЛТЫРҒЫ ҚАРАШАДАН КӨКТЕМ ШЫҚҚАНҒА ДЕЙІН ДІРДЕК ҚАҒЫП, ҚЫСТАН ӘРЕҢ ШЫҚТЫ. ЖАЛПЫ ЕКІБАСТҰЗ БЕН РИДДЕР ЖЭО-ДА ОРЫН АЛҒАН АПАТ ЕЛІМІЗДІҢ ЖЫЛУМЕН ҚАМТУ САЛАСЫНДА БІРШАМА ОЛҚЫЛЫҚТАРДЫҢ БАР ЕКЕНІН КӨРСЕТТІ. ӘБДЕН ЗӘРЕЗАП БОЛҒАНДЫҚТАН ШЫҒАР, КӨКТЕМ ШЫҒА БҮКІЛ ЕЛ АУМАҒЫНДАҒЫ ЖЫЛУ ҚАЗАНДЫҚТАРЫ МЕН ЖЕЛІЛЕР ТЕКСЕРУДЕН ӨТІП, ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛЫП КЕТТІ.

ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН ЖАЗ ОЙЛА

ЕКІБАСТҰЗДЫҢ ЖЫЛУ ЖҮЙЕСІ ҚАЛАЙ ЖАҒАРТЫЛЫП ЖАТЫР?



Foto: akorda.kz

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Павлодар облысына жұмыс сапары да Екібастұз жылу электр орталығындағы жөндеу жұмыстарымен танысудан басталды.

Президент: «Бұл жұмыс бақылауымызда болады. Бұл – өте маңызды жұмыс. Олқылықтар болса, тиісті шешімдер қабылдаймыз. Былтыр қыста болған жағдай қайталанбауы керек. Азаматтарымыз шыдамдылық, сабырлық танытып отыр. Бірақ оның да шегі бар. Сондықтан әкімдерге осындай тапсырма берілді. Тиісті қаражат бөлініп жатыр. Жоспардың бәрін міндетті түрде іске асыру керек», – деп атап көрсетті.

Ақорданың баспасөз қызметі жазғандай, Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр Екібастұз қаласындағы жылумен қамту жүйесін жаңғыртуға Үкімет тарапынан көрсетілген қолдау шаралары туралы баяндады. Қаланың жылу жүйесін жаңартуға Үкімет резервінен 20,6 млрд теңге бөлінді. Атап айтқанда, ЖЭО-ғы он қазандықтың бесеуі

мемлекетке өтіп, оны жөндеуге 7,4 млрд теңге бөлінді. Сондай-ақ 5,5 шақырым жылу желісін жөндеуге 9 млрд теңге жұмсалады. 2,2 млрд теңге жаңа жылу магистралін салуға бөлінеді. Вице-премьердің айтуынша, бұл биылғы ақпандағы жағдайдың қайталанбауы үшін керек. «Екібастұзда 689 көп қабатты тұрғын үйден басқа 5,5 мың жер үй бар. Олардың 4,5 мыңы орталықтандырылған жылу желісіне қосылған. Бұл тұрғындар үшін қолайлы болғанымен, қаланы тұрақты түрде жылумен қамтамасыз етуді қиындатады», – деді Р.Скляр.

Павлодар облысының әкімі Асайын Байханов бүгінге дейін магистральдық және орамшілік желілерге жүргізілген гидравликалық сынақтар

нәтижесінде анықталған 304 ақау жойылып, 62 шақырым құбыр мен 95 дана бекіту арматурасының 76-сы ауыстырылды. Үкімет резервінен бөлінген қаражат есебінен 5,4 шақырым жылу магистралі жаңартылып жатыр.

Облыс әкімінің айтуынша, Екібастұздағы апатты жағдайлардың алдын алу үшін екі жобаны іске асыру аса қажет. Бірінші жоба – Екібастұз ЖЭО-на техникалық судың үздіксіз берілуін қамтамасыз ететін магистральдық құбыр құрылысы. Екіншісі – жаңа жылу магистралінің құрылысы. Бұл қаланың төрт шағын ауданындағы жылу жүйесінің теңгерімділігін қамтамасыз етіп, 9 мыңнан астам қала тұрғынын жылумен қамтамасыз ету



Foto: akorda.kz

өлшемдерін айтарлықтай жақсартуы тиіс.

Талап ТІЛЕГЕН

Р.С. САПАР БАРЫСЫНДА МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЕКІБАСТҰЗ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСІП, ҚИЫН-ҚЫСТАУ ЖАҒДАЙДА ШЫДАМДЫЛЫҚ ТАНЫТҚАНЫ ЖӘНЕ АПАТ САЛДАРЫН ЖОЮ КЕЗІНДЕ АЗАМАТТЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК КӨРСЕТКЕНІ ҮШІН ЕКІБАСТҰЗДЫҚТАРҒА АЛҒЫС АЙТТЫ. «ЕКІБАСТҰЗҒА АХУАЛДЫ КӨРУ ҮШІН АРНАЙЫ КЕЛІП ОТЫРМЫН. ӨТКЕН ҚЫС ОҢАЙ БОЛҒАН ЖОҚ. БӘРІН КӨРДІМ, ТҮСІНЕМІН. ДЕГЕНМЕН БӘРІМІЗ БІР ҰЛТ, БІР ЕЛ РЕТІНДЕ АУЫЗБІРШІЛІК ТАНЫТУЫМЫЗ КЕРЕК. ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ ОСЫ ҚИЫН ЖАҒДАЙДА САБЫРЛЫҚ ТАНЫТЫП, ШЫДАДЫ. АЗАМАТТЫҚ ПОЗИЦИЯСЫН, КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРДІ. СОНДЫҚТАН БАРШАҢЫЗҒА РИЗАШЫЛЫҒЫМДЫ БІЛДІРЕМІН. ҮКІМЕТКЕ ТИІСТІ ТАПСЫРМАЛАР БЕРІЛДІ. ҚАРАЖАТ БӨЛІНДІ. БӘРІ ОЙДАҒЫДАЙ БОЛАДЫ ДЕП ОЙЛАЙМЫН», – деді Президент.

ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ
ЦИФРЛЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІМЕН БІРЛЕСІП, ӨЗАРА
ІС-ҚИМЫЛ АЯСЫНДА ТҰРҒЫН ҮЙГЕ МҰҚТАЖ РЕТІНДЕ
ҚОЛДАНЫСТАҒЫ КЕЗЕК ТІЗІМІНДЕ ТҰРҒАН АЗАМАТТАРДЫҢ
ЗАҢ ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІН САРАЛАП, БІРАЗ
КЕЛЕҢСІЗДІКТІҢ БАСЫН АШТЫ.

О ДҮНИЕЛІК БОЛҒАНДАР БАСПАНА КЕЗЕГІНДЕ ТҰРҒАН



Бауыржан ҚАБДОЛ,
индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрлігінің
құрылыс және тұрғын
үй-коммуналдық
шаруашылық істері
комитеті төрағасының
орынбасары:

«Мемлекеттік қордан тұрғын үйді алудың жалпы тәртібі «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңмен реттеледі. Тұрғын үй алуға кезекке қою, кезектен шығаруды әкімдік жүзеге асырады. Қазір 646 819 адам кезекте тұр. Кезекке қою үшін азаматтың және отбасы мүшелерінің соңғы 5 жылда жылжымайтын мүлкі болмауы тиіс. Сонымен қатар, республикалық маңызы бар үш қалада – Астана, Алматы және Шымкентте кемінде 3 жыл тұрақты тіркеуде тұруы қажет. Сондай-ақ халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары үшін табыс 3,1 еселенген мөлшердегі күнкөріс шегінен аспауы керек.

Соңғы 10 жылда кезек 6 есеге ұлғайды. Бұл халықтың арасында масылдық көңіл-күйдің белең алғанын білдіреді. Әкімдіктер жыл сайын кезектегілердің тізімін түгендеп отыруы, яғни қарапайым тілмен айтқанда тазалауы қажет.

Енді әкімдіктер заңнама талаптарына сай келмейтін азаматтарды кезектен алып тастау жұмысын бастайды. Соның арқасында нағыз мұқтаж азаматтардың кезегі жылжиды. Әділетті қоғам құру үшін мемлекет көмегін нағыз мұқтаж адамдарға көрсету өте маңызды. Сондықтан да, тұрғын үй кезегінде тек мұқтаж азаматтар тұруы тиіс».

МЕМЛЕКЕТТІК ТҰРҒЫН ҮЙ КЕЗЕГІНДЕ ТҰРҒАНДАР
647 000



ТІЗІМІНЕН
КІМДЕР АЛЫП
ТАСТАЛАДЫ?



СОҢҒЫ 5 ЖЫЛДАН БЕРІ БАСПАНАСЫ БАР
96,1 МЫҢ

КЕЗЕКТЕ ТҰРҒАН АУМАҒЫНДА ТІРКЕЛМЕГЕН –
91,4 МЫҢ

ҚАЙТЫС БОЛҒАНДАР –
15,6 МЫҢ

ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТЫҒЫН АЛМАҒАНДАР –
533

ТАЛАПҚА САЙ КЕЛМЕЙТІНДЕР –
232 000



цифрландырылған, яғни бір базада жүзеге асырылады. Кезектен тыс тұрғын үй алу мүмкін емес және ол заңсыз».

Сұлтанғали ЖАЛҚҰЛ,
Тұрғын үй және тұрғын үй қатынастары
басқармасы басшысы:

«Тұрғын үй қатынастары туралы» заңға сәйкес, тұрғын үй кезек тәртібімен беріледі. Ал «үй алып беремін» дегендердің әрекеті заңсыз. Мұндай кезде құқық қорғау органдарына жүгіну керек. Елімізде тұрғын үйге кезек толығымен

ТРАНЗИТ ӘЛЕУЕТІ



SIMATECH SHIPPING & FORWARDING
КОМПАНИЯСЫ ДУБАЙДА
ТІРКЕЛГЕН. ABU DHABI
PORTS КОМПАНИЯЛАР
ТОБЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДА.
ҮЛКЕН ФЛОТЫ БАР.
ПАРСЫ ШЫҒАНАҒЫНАН
ЖҮК ПЕН ТАУАРДЫ СОЛ
ӨҢІРДЕГІ АРАБ ЕЛДЕРІ,
ҮНДІСТАН, ҚЫТАЙ ЖӘНЕ
АФРИКА ҚҰРЛЫҒЫНА
ЖЕТКІЗЕДІ. МІНЕ,
ОСЫ КОМПАНИЯНЫҢ
БАСШЫСЫ (СЕО)
ДАУД ТАФТИ МЕН
ЕЛІМІЗДІҢ САУДА ЖӘНЕ
ИНТЕГРАЦИЯ МИНИСТРІ
СЕРІК ЖҰМАНҒАРИНМЕН
ЖАҢА ЛОГИСТИКАЛЫҚ
БАҒЫТТЫҢ ЖАЙ-
ЖАПСАРЫН ТАЛҚЫЛАДЫ.
ЖҮЗДЕСУДЕ МӘЛІМ
БОЛҒАНДАЙ, БІЗДІҢ
ҮКІМЕТ ABU DHABI
PORTS-ПЕН БІРЛЕСКЕН
КӘСІПОРЫН ҚҰРМАҚШЫ.

Қазір олар Әмірабад айлағында тұр. Алдағы екі жылда олардың қатары 10 кемеге көбейеді. Жақында компания 45 жүк көлігі және 2 баржа алыпты. Бір баржамен 350 жүк көлігін тасымалдауға болады. Компанияның ендігі межесі – алдағы 4 айда көлік санын 400-ге, ал болашақта 1000-ға жеткізу.

КҮНГЕЙ БАҒЫТТЫҢ КЕЛЕШЕГІ

*Жүк Иран аумағын небәрі
3 күнде басып өтеді*

Бірлескен компания отандық ауыл шаруашылығы өнімдерін Иран аумағы арқылы Парсы Шығанағы елдері, Үндістан, Пәкістан, Қиыр Шығыс және Африканың шығыс жағалауына апарумен айналысады. Бұған Еуропа базары да қосылуы ықтимал. Бұл үшін жүк алдымен Ақтаудағы Құрық айлағынан Иранның солтүстігіндегі Әмірабад, содан кейін оңтүстіктегі Бендер-Аббас, Бендер-Хомейни және Чабахар порттарына жеткізіледі. Одан әрі Біріккен Араб Әмірліктерінің Халифа, Фуджейра айлақтарында табан тіреп, өзге мемлекеттерге бет алады.

Жаңа бағыт – оңтайлы һәм үнемді. Тауар Иран аумағын небәрі үш күнде басып өтеді. Керек-жарақ пен құрал-сайман дайын. Дауд Тафти мырзаның айтуынша, әрқайсысы 7500 тонна жүк сыятын 4 кеме сатып алынды. Бұларға контейнер тиеуге де болады.

Жобаның техникалық мүмкіндігі түгенделді. Енді тиімділігіне келелік. Транзиттік тасымал тақырыбына жазған барлық мақалада арнайы тоқталып жүргеніміздей, Қазақстан теңізіндегі сауда жолдарына тікелей шыға алмайтын елдер (Landlocked Countries) қатарында. Сол себепті, уақыт пен шығынды көбірек үнемдейтін кез келген күретамыр баға жетпес байлықпен тең. Баламалы бағыттың қадірі былтыр Батыс терістік көршіні санкциямен төмпештегелі арта түсті. Әсіресе, Қазақ мұнайының 80 пайызын әлемдік базардағы тұтынушыға апаратын Каспий құбыр желісінің (КТК) төбесіне қара бұлт үйірілгенде.

Шұғыл қанаттас, қосымша жолдар қарастырыла бастады. Жыл басында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Біріккен Араб Әмірліктеріне жасаған сапары кезінде «ҚазМұнайГаз» ұлттық

ТРАНЗИТ ӘЛЕУЕТІ

компаниясы мен Abu Dhabi Ports арасында стратегиялық серіктестік жөніндегі келісімге қол қойылды. Мемлекет басшысы еліміздің көлік бағыттарын әртараптандыруға бет бұрғанын, осы мақсатпен Транскаспий халықаралық бағыты («Орта дәліз») мен Солтүстік-Оңтүстік дәлізін дамытуды қолға алғанын мәлімдеді. Ал сәуір айында Үкімет басшысы Әлихан Смайылов Тегранға барды. Екі жақ Құрық пен Әмірабад порттары арасындағы жүк тасымалы жөнінде уағдаласты. Келісімге сәйкес, аталған айлақтарда астық терминалына арналған инфрақұрылым қалыптастыру жұмысы аяқталып келеді.

Географиялық тұрғыдан алғанда Қазақстан мен Орталық Азия үшін Парсы Шығанағына шығатын ең төте жол – Иран арқылы екені анық. Транзиттік тасымал мамандары бұл бағытты көптен бері зерттеп келеді. Он жылдай бұрын үш мемлекетті (Қазақстан-Түрікменстан-Иран) бір-біріне жалғайтын теміржол салынды. Осылайша, Солтүстік-Оңтүстік дәлізінің бір тармағы іске қосылды. Астана мен Тегран арасында swap (мұнай айырбасы) іске асырылды.

Дегенмен осы бағыттың әлеуетін толық пайдалана бастады деуге әлі



Фото: casp-geo.ru

ерте. Оның себебі бар. Біріншіден, қазіргі Мәскеу секілді Тегранға да түрлі экономикалық және қаржылай шектеулер (санкция) елеулі кедергі. Бұл орайда 90-жылдардың ортасында Америкада D'Amato заңы қабылданғанын айтқан жөн. Барлық тасымалдың өз аумағы арқылы өткенін қалайтын Ресей де ыңғай таныта қойған жоқ. Сондай-ақ күретауы бойында замануи инфрақұрылымның болмауы да біраз қолбайлау.

Геосаяси текетіреске байланысты жүк тасымалындағы дағдылы сүрлеу жабылып жатыр. Екі жыл бұрын сауда кемесі Суэц каналын

бір апта бойы жауып қалғанын еске түсірейік. Ғаламдық саудасаттық тоқтап қала жаздады. Бизнес алпауыттары баламалы бағытты талап етті. Солтүстік-Оңтүстік дәлізіне шындап ден қоя бастады сол кезде. Оның үстіне, Шығыстың – Азия мемлекеттерінің халықаралық қарым-қатынастағы ықпалы күшейіп келеді. Иран беделді Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше болды. Қытайдың ара ағайындығымен Сауд Арабиясымен татуласты. Батыспен барыс-келісі жақсы Әмірліктердегі аса ірі компанияның Қазақтың тауарын осы елдің аумағымен тасымалдауға ниет білдіруі де оң өзгерістен хабар берсе керек.

90-жылдардың аяғына таман мұнай мен газды Парсы Шығанағына құбырмен жеткізуді көздейтін Иран бағыты жиі талқыға түсетін. Мамандар оны ең арзан әрі тиімді деп есептейтін. Бірақ санкция мүмкіндік бермеді. Бәлкім, енді іске асады?



Фото: istockphoto.com


БЕНДЕР-АББАС

СМАЙЛ
СМАЙЫЛ,
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ШОЛУШЫ

АДАЛ ЕҢБЕК, АДАЛ МАХАББАТ, АДАЛ ЗАҢ, АДАЛ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫ КІМ АҢСАМАЙДЫ? БӘРІМІЗ ДЕ АҢСАЙМЫЗ. ИӘ, КІМ АЙТА АЛАДЫ, КЕШЕ БІЗДЕ АДАЛ ЕҢБЕК ҚАДІРСІЗ ЕДІ ДЕП? ЖАЛПЫ БЕЙНЕТ ЖАСАҒАН АДАМДАР ҚАДІРСІЗ ЕДІ ДЕП КІМ АЙТА АЛАДЫ? КІМ, ҚАНДАЙ МЫСАЛ КЕЛТІРЕ АЛАДЫ? АДАМШЫЛЫҚ САЛТАНАТ ҚҰРҒАН ЗАМАН БОЛҒАН, АЛДАҒЫ УАҚЫТТА ДА БОЛАДЫ. СОЛ ҮШІН ДЕ АДАМДАР ДОСТЫҚ, СЫЙЛАСТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ АДАЛДЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫМЕН ҚҰРЫЛҒАНЫН ЖАН-ТӘНІМЕН ҚАЛАП, СОҒАН ҚАРАЙ КҮРЕСЕДІ, ІШКІ СЕЗІМДЕРІМЕН ТАРТЫСҚА ТҮСЕДІ. БІЗ СОЛ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЙТА ЖОҒАЛТЫП АЛҒАНДАЙ БОЛЫП ЖҮРГЕНІМІЗ ҚАЛАЙ?

Адамдар қазір капиталистік ыңғайда бір-біріне суықтау, ызбарлы ма, ығына жығылғысы келмейді бірден, байшыкештер ғана емес,

жерде заман басқа. Адалдық пен шындық іздейтін адамдардың армиясын жасақтап алып жатқандаймыз,



ЕНДІГІ ЖЕРДЕ ЗАМАН

барлығы алыстан ғана сыйласқанды қалайтын сыңайлы. Көптің көзінен аулақ жүргісі келетін секілді. Жүргісі келмейтін деген жақсы сөз бе, жаман ба екен, Алматының Құлжа трассасы бойында «Жүрілген автокөліктер» деген даңғарадай әрі су жаңа сауда ғимаратын көргенімде он ойланып, жүз толғанып қаламыз. Ауласы атшаптырым, темір көліктер толып тұр. Атауының өзі өзгеше. «Ескі көліктер» деп тұрған жоқ, делдал саудагерлер мен автокөлік сататындар. Бір түсінгеніміз, бұл автокөліктер жаңа да емес, ескі де емес. Барсаң, көзбен көресің. Не деген тауып қойылған, ә?! Айтпақшы, қазақтың «Түсіндірме сөздіктегі» 168 мың сөзі нарық заманында ұғымдық атауға келгенде түрленгені соншама «Көзбе көз саумал қымыз» деген өте ұтымды, ақпаратты жарнамаға қалайша риза болмайсың?! Биені көз алдында сауып, сүтін сол жылы күйінде сізге сатады. Алдау-арбау жоқ, су араластырып жіберетіндей күдік атымен болмайды. Ендігі

сол бағытта адамдар қым-қуыт сапырыласқан күйде арлы-берлі жүріп жатыр. Бірі баяу, екіншісі жер апшысын қуырғандай асығыс, алқын-жұлқын. Әсіресе, бұл мегаполистерге тән өмір-өзені. Бірақ біздің ағайындар барлық жерге кешігіп барып жататын бір жадағай құбылысқа да көндігеді. Жүрдек пойызға бір ай бұрын алдын-ала билет сатып аласың, алайда сіз айлап күткен пойыз 3-4 сағатқа дейін кешігіп, сіз межелеген стансаға уағында жете алмайсыз. Рас па, рас. Даурығып ренжисіз, қатты айтасыз, себебі ме, ол жаттанды. «Техникалық ақауға байланысты» немесе тағы бірдеңе. Пойыз вагонындағы жолсеріктен ашуыңызды алғандайсыз... Әуежайға ертерек қамданасыз. Барасыз сосын. Билетіңізді тіркейді. Бірақ ұшақ уағында ұшпауы мүмкін. Кідіріс. «40 минөтке кешігеді» деген жарқын хабарламадан бірте-бірте мән кетеді. Тағы да кідіріс... 2 сағатқа дейін. Ұшақ ұшпайды деген жоқ қой. Көк аспанға көтерілер

алдында көңіліңіз бұзылмағаны жақсы және байырғы ұшқыштар арасындағы ырымға қарай суретке де түсірмеңіз. Соңғы сурет болып қалуы мүмкін, беті аулақ. Бірақ несін айтасыз, мына заманда оған үрке қарап, елеп, ескеріп жатқан жолаушылар жоқ. Үнсіздік пен үміт үйлескендей уақытқа өкпе де жоқ.

Ал енді кешігіп жүрудің қызығы алда. Иә, сол той-домалақ туралы. Тойға кешігіп баруды айту жоғарыдағы жағдайлардың жанында түкке тұрмайтын секілді, үйреншікті өмір, селт етпейтін дағды. Жиын-тойдың иесі адамдарды құрметтеп кешкі сағат жетіге шақырады делік. Сөйте тұра, тойды кемінде 1,5 сағат кешігіп басталатынына әуелі өзі сенімді. Басқалар да сенімді. Мәдениетті, парасатты кісілердің тойға кешікпей, сыпайылық танытып уағында келгені бұл арада аса бағалы емес. Бұдан әрі де өзгешелік келе береді. Бұрынғыдай той үстінде тағлымды сөз-тілекті тыңдау мен ортаға шыққан мәртебелі

мейманды сыйлау мәдениеті бүгінгі абыр-сабыр, даңғыра-дабырдың астында көмескіленіп, айхай, дүбірлі күні келмеске кетіп барады ма деп күмәнданасың. Сонда ойлы сөз тыңдата алмайтын, думанды мағыналы қыздыра алмайтын тамада – асаба не үшін керек? Бірер сағатта оны-мұны айтып, әртіс-әншінінің аты-жөнін нәшіне келтіріп хабарлағаны үшін бе, таптаурын, жаттанды сценарийден ауытқымайтын оған қыруар миллиондаған ақшаны қандай қызметі үшін ұсынасың? Жоқ, әлде танымал өнерпаз, сайқымазақ немесе телеарнадан жиі көрінетін «реңді түр-келбетін» артықшылыққа санап мақтану үшін бе? Тіпті мұны түсіну мен

ет жеп бола салысымен» үйіне топ-тобымен ертелеп қайтқан қазақтар (шақырған соң бардық, көрдік қой деп) десек те болады. Немесе түні бойы бір тойдан келесі тойға барып, төбе көрсету нышанында той тойлап жүргендерде не арман бар? Мұны ешкім әлдеқандай ыңғайсыздық, ұят не әбестік санамайды, оған той иелері де аса қатты қиналмайды. Той түні мен тойшылдар «көшінің» арасында неше түрлі тосын, жәйсіз нәрселер, қап-қараңғыда жүйткіген көлік-жол оқиғасы, ауыр апаттары да орын алып жатады. Жолдың соңы...

Шын мәнінде той – халық қазынасы. Адамдар өмірінің қуанышын мерекелеп атап өтудің әдемі салтанаты еді. Заманына

сол мырзалар мен ханымдардың шекесін қыздырып, шексіз байытып жатқан ағайындарды қайтіп жазғырамыз, ә?! Мысалы, соңғы жылдары Алматының сырт жағында, Құлжа тас жолы мен Тұздыбастау ауылы аралығындағы көше бойында ғана 30-ға жуық зәулім мейрамхана қаз-қатар салынды. Тура баяғы Рим мен Париждің алтын жалатылған сарайларынан бір кем емес, ғимараттар сәулеті ғажап, бірінен бірі өтеді және олар бір күн де бос болған емес дейді білетіндер. Рас-ау, бүйте берсе, біздің ағайындар той жасау бойынша әлдеқандай халықаралық жарыс өтетін болса, оған ерінбей қатысатын болса, тойдың реттік жиілігі мен ас та төк дастарқан жағынан бас жүлденің

БАСҚА ДЕСЕК ТЕ...

түсіндіру сонша қиын ба? Есті адам өйтпейтін сияқты. Әй, әркім көрпесіне қарап көсілмей, тойда шаш-етектен шашылуды бәсеке ниетінен деп қабылдағандарға не айтарың бар? Ертеңгі көрер күнін ойламау деген де жоқ емес. Той жасап, бір көрініп қалуда да аса бір мән бар деп ойламаймыз. Қазақ бар байлығын бір тойда шашу үшін жинайтын халық деген түсінік те заманына қарай өзгеру керек емес пе? Құдай сақтасын, біздің қазақ пандемия, індет кезінде де жасырынып, тығылып мейрамханаларда той жасағаны сұмдық нәрсе болды. Тойлар бұл пошыммен көркін де, «той десе, қу бас домалайтын» мағынасын да бірте-бірте жоғалтып алған сияқты. Ертеректе үлкен ас-тойларды бай адамдар малын шашып жасаған, кедейлердің қолынан ол келмеген. Енді әлеуметтік жағдай түзелгені ме, бәріміз еңбек шығармашылығын той-домалақ шығармашылығына айналдырдық па? «Тойдан қайтқан қазақтар» тап бүгіндері «үлкен ас-

қарай зейін-зерде де өзгерістер мен жаңашылдықтың болуы заңдылық. Дәстүрдің озығы мен тозығы таразыға түскен кезде адамдар жарасымды сән-салтанаттың өзегі адамдар көңілін ұштап, ұлттық ділімізді жарқыратып, мұнтаздай ұқыптылық пен сәулелі сұлулық үлгісі болуы керек еді. Шығармашылық ізденіс пен өнердегі көркемдіктің тапқыр шешімдеріне риза ететін талғам жиыны болуы керек еді. Жоқ, бадырайтып айтпай-ақ қоялық, апта, ай, жыл бойы үзілмейтін той тойлау шаршатпаса да, адамдардың ығырын шығарып (материалдық жағы да бар) жіберетінін де заманға арта саламыз ба? Қайтеміз? Күн құрғатпай бола беретін қисапсыз тойдан қажығандар не істейді? Әне, «Той-думан» радиосынан «Қазақтың тойы бітпесін» деп минөт сайын қутыңдаған әуенмен әндетіп тұр. Осындай да қызық бір ән бар. Анығында қаптаған тойханалар мен мейрамханалар иелеріне қомақты ақша мен несие-қарыз пұл төлеп,

бірін жеңіп алатыны анық. Әне, қараңыз, Түркістан мен Шымкентте, Тараз бен Қызылордада, Алматы мен Астанада, Қарағанды мен Талдықорғанда... негізінен тойханалар жылдың соңына дейін бос емес десе, сенеміз. Бұл не сонда, баршылық пен тоқшылықтың белгісі ме? Ана бір жылдары жұрттың бәрі түгел қол жайғыш болып алды, деген ескертпе айтылғанда, мұнда үлкен шындық жатыр деп қазіргі заманға сай болайық, солай түсінген жөн деп үгіттедік. Кедейшілік пен жоқшылық қысып бара жатқаны да айтылды. Енді күн мен түнде бірдей той өткізу жалғасып жатқанын не дейік, бұл заман ағысының бір шалқыған рахаты мен дүниелік қуаныштың етек алған құбылысы ма? Әйтсе де, бұл көп қырлы мәселе. Бірі мынадай өзекті. Осы мыңдаған тойханаларда көрсетілген қызмет ауқымына байланысты иесінің әділетті салық төлеуі мен оларда түні бойы қызмет ететін даяшылардың (дені студенттер мен оқушылар) жұмыс берушімен еңбек

шартын қадағалау еңбек инспекциялары мен кәсіподақ ұйымдарының тұрақты назарында және бәрі де заңды деу артық болар еді. Бұл сауалы көп жағдайды заң талаптарымен мұқият және жүйелі тексеруді қажет етеді. Шағын бизнеске кең өріс ашылғаны жөн, бірақ қаржылық бақылау да тұрақты болғаны мақұл. Қазір жасыратын несі бар, ірі қалалар мен облыс орталықтарындағы тойхана иелері ең бай адамдарға айналды. Бір танымал азамат жақында той мен ас беруді азайтудың адамдарға қандай өзгеріс әкеледі дегенде ең бірінші кезекте азық-түлік тауарларының

жасау, батырлар мен ақындарға ас беру, руаралық ата, аруақ жарыстыруға айналдырып жіберген заманда туған жастар көргенін істемегенде не істейді? Әншейін құр кеуде, құр мақтан не береді? Белгілі қоғам қайраткері Амалбек Тшанов ағамыз «Бабам батыр болды деп, ру-руға бөлініп алып, той жасағаннан рух көтерілсе, Марсқа жететін уақытымыз болды емес пе?» деп жазғанындай, біздің ағайынның осы көп өрімді, бір тоқтамды мәселеде ақырын-ақырын тізгін тартатын кез келді. Бұл той мәселесінде осыдан көп жыл бұрынғыдай «лауазымды

өзгеше сый болмақ? Тойдың түрінен көз ашпайтын жағдайға жеттік. Тегінде той әркімнің өз қызығы, өз қуанышы ретінде қаралады. Сондықтан алыс-жақынды жапатармағай шапқылатпай, шын жанашырларының жинақы әрі сүйкімді кеші болуына мән берілуі керек деп ойлаймыз. Ертеректе ел-жұртына сыйлы кісілердің тойға қатысуын ырымға бағалап, ілтипатпен шақырып, сол адамдардың әрбір сөзін зейін қойып тыңдап, өмірлік үлкен тағлым алып қайтушы еді. Ал қазір апырай, тойға атақ-даңқы жер жарған адам немесе академик, генералың келе

ЕНДІГІ ЖЕРДЕ ЗАМАН

қымбаттауына кері әсер етеді, базардағы сапасыз, ешбір кәдеге жарамсыз анау-мынау тауарларға тоқтау болады, көтерме бағамен сатып алу азаяды, бір қалада күн сайын 150-200 жылқы сойылмайды, жалған әншілерге ақша төлеу тыйылады, тойшыл әйелдер үй шаруасымен, бала тәрбиесімен шындап айналысуға уақыт табады, аптасына екі-үш тойға «конверт» апаратындардың қаржысы үнемделеді дегендей кәсіпкерлер тойхана орнына жаңа өндіріс орнын ашуға бет бұрады деген көзқарасын білдіріпті. Бұл өзінше байыптама, негізі бар сараптамалық ой үстемелетіп той жасаудан адамдардың бір-бірінің ығырын шығарып, шарасыздық көңіл-күйге түсіргенін көрсетеді, сондай-ақ ынсап, қанағат, сабырға шақырудың амалдарын ұқтырады. Ұлттық идеологияны той

мемлекеттік қызметшілер тойға бармасын» дегендей сыңаржақ шешіммен тәртіп этикасын орнықтыра алмайды. Әңгіме онда емес. Күнбе-күнгі дүркіреген тойда қандай ұлттық қазына немесе

ме, министр келе ме, әкім келе ме, әртіс келе ме, депутат келе ме, кім келсе де көзге ілмейтін, дұрыстап мән бермейтін, жалпы тұлға тану мен құндылық атаулыны құрметтей алмайтын дәрежеге ұрынған секілдіміз. Ұлттық идеология мен тәрбие жұмысының жеткіліксіз болуының бір салдары бұл емес деп кім айтады? Тек... кезінде қандай той болса да қазақ жастарының арасынан шыққан тұңғыш Олимпиада жеңімпазы Жақсылық Үшкемпіровке жұрттың айрықша елдік пейілмен зор биіктіктен құрмет көрсете алатын жағдайы тіптен болмай тұр. Өзі де ер Жақаң қарапайым және ішкі мазмұны сүйкімді тұлға қалпында есте қалды. Жан дүниесі жарқырап нұр шашатын. Сондай-ақ барлық уақытта халықтың сөзін айтып өткен Шерхан Мұртаза секілді ағаларымыздың әр сөзі алтыннан қымбат саналатындықтан да сирек сәт еді. Тойға барса, көпшілікті ақылды сөздерімен рухани



байытатын Әбіш аға
Кекілбайұлыдай кемеңгер көп емес
қой. Қоғамды ілгерілетуші дейтін аз
болса да саз, жұрт таныған ірі
қайраткерлер мен сол ірілердің ізін
қуушы інілері де енді мына
аласапыран қоғамда елеусіз күйінде
қалып бара жатқаны қандай
өкінішті. Қазір ше, қазір... айту өте
қиын. Кімнің кім екені осындай
атаумен жыл сайын әр өңірде ақылы
шығатын қалың кітапта ғана жазулы.
Жүректерде жазылмағаны
ойландырмай ма, жас ұрпақты?!
Жұрттың пікірінше, сол себепті
мәнді-мәнсіз, орынды-орынсыз
қисапсыз тойдың қадірін бұдан әрі

дәнекер болатыны жасырын емес.
Кейбір мерейтойларда той иесінің
руының белгісін түрлі-түсті етіп
кеудесіне қадап, тағып жүретіндер
де осы ыңғайды аракідік болса да
кездеседі. Тойқұмарлық пен
жершілдік, топшылдық мәселесінен
туындайтын кілтипан бұл ғана емес.
Ескінің сарқыншағы – рушылдықпен
біржолата қош айтысатын күн де
алыс емес деп армандаған едік.
Сөйтсек, олай болатын түрі жоқ
сияқты. Мысалы ма? Басқа, басқа,
дәл біздегідей рудың шежіресі
Ұлттық энциклопедиясынан гөрі
көлемі қалың кітап болып шығатын
жағдай бірде-бір елде жоқ шығар. Ел

және өлілер тірілермен айтыса
алмайды. Иә, иә, хакім Абай
«Қазақтың шын сөзге нанбай, құлақ
та қоймай, тыңдауға қолы да тимей,
пәлелі сөзге, өтірікке сүттей ұйып,
бар шаруасы судай ақса да, соны
әбден естіп ұқпай кетпейтұғыны
қалай?» деп айтқандай, осы уақытқа
дейін дәл осы көкейкесті әлеуметтік
тақырып талай мәрте қозғалғаны
шындық. Алайда өзгерген ешнәрсе
жоқ, сол баяғы сарын,
өзімбілермендік және ұлттық
идеологияның, әсіресе, қоғамдық
тәрбие жұмыстарында нақтылық
сипат ала алмауында болып отыр.
Исі қазақтың көкейге түйгенін

БАСҚА ДЕСЕК ТЕ...

кетіrmес үшін үйлену тойынан
басқасын үй іші мен отбасы
жағдайында өткізген абзал деген
ұсынысқа қосылуға болады. Бірақ
оны мына кілең «ақыл айтатын»
адамдар өмір сүріп жатқан заманда
кімдер ескере қояр екен?! «Той
жасасам өзімдікі, сөзім де өзімдікі»
дейтіндер (бұрын біздің қазақ бұлай
сөйлемейтін) ауыз аштыра ма?
Әйтсе де, ертеңін тереңінен
ойлайтын ел емеспіз бе, жұмбақ
кілтін ашуды ойласатын жұрт
емеспіз бе, ортақ іске
жанашырлықпен ден қойған артық
болмас. Заман енді басқа деп ата-
бабаларымыздың аманат етіп
қалдырған құндылықтары мен
ұлттық абыройға бөленген салт-
дәстүрімізді жаңғыртудың орнына
байлық жарыстырғандай жаппай
той жасаумен уақыт өткізіп,
даңғазалыққа бәйге қоса береміз
бе, қалай болмақ? Заман өзгерді
деп қоғамдық мүддені естен
шығаруға бола ма? Осы арада
тойлардың көп жағдайда белгілі бір
топтың да тоғысуына және
ағайындық-туыстық түрлі
бастамаларға ықпалдасуына

мен жер тарихын жазудың өзінде
соңғы уақытта топтасу, жерлестік
пен аймаққа бұра тарту, ақиқатты
бұрмалаушылық пен қоғам
қайраткерлерін қолдан жасау,
олардың қоғам мен ұлтқа сіңірген
еңбектерін бір жақты бағалау,
трайбализм ұшқындары белең алып
бара жатқанын аңғару аса қиын
емес. Жап-жас жігіт қараңыз,
әлеуметтік желіде «Анау сатқын, ана
кісі опасыз, ана адам сыбырлауық
болған, ұры-қары болған, бірінің
үстінен бірі домалақ арыз жазған»
деп байырғы қайраткер тұлғаларды
жазғырып, әй, бір, білгішсініп
сайрайды кеп. Жұрт оның бар
айтқанына сеніп қалады деп
ойламаймыз. Бірақ олай төбеден
жай түскендей етіп, оңы мен солын
адалдықпен ажыратпай-ақ айта
берудің қоғамға теріс әсері бар.
Мұндай сөздер өкінішке қарай, түрлі
той мен ас дастарқанына да жетті.
Бұл жақсы емес. Азаматтық ұстаным
мен бағыт-бағдар, көзқарастарға да
саяси-тарихи, толыққанды ғылыми
тұрғыда әділеттілік керек. Әйтпесе,
ұлт мүддесі үшін аянбай қызмет
еткен адал жандарға обал болады

аршып алмай, уақыт еншісіндегі
бірді-екілі ой қорытындысы
халықтық идеология бола ала ма?
Бүгінде мемлекетте «Арлы адам – ең
күшті адам» идеологиясы қолға
алынған тарихи кезеңде қоғамның
дамуында «Біз қайда барамыз?
Қоғам қай бағытта дамуда?» деген
сауалдар аса маңызды. Сол ыңғайда
біз де сөз қозғадық. Елішілік
әңгімелер мен көзқарастардан
туындайтын мәселелерді «Енді жаңа
заман талаптары» деген оймен
байланыстырып қарайтын болсақ та
азаматтық, қоғамдық
болмысымызды шынайы
даралайтын шақ туып отыр. Оның
негізі заманмен бірге адамдардың
жаңашылдық рухта көп өзгергенін
көріп, анық сезіну. Бұл қоғам болып
даурығатын емес, жаңғыру жолында
күресетін мәселе
екені анық.

**Мейрамбек
ТӨЛЕПБЕРГЕН,**
*Қазақстанның
еңбек сіңірген
қайраткері*



АТА-БАБАМЫЗ ҰЛТТЫҢ МЫҚТЫЛЫҒЫН, ҚАЗІРГІ ТІЛМЕН АЙТҚАНДА, САПАСЫН ЛАЙЫҚТЫ СУРЕТТЕП, МАҚТАНА БІЛГЕН. ӨЛЕҢГЕ ДЕ, ӘНГЕ ДЕ ҚОСҚАН. ОЛ ЗАМАНДА ДА ҚОҒАМ КЕМШІЛІКСІЗ БОЛМАҒАН ШЫҒАР-АУ, БІРАҚ КІМНІҢ КІМ ЕКЕНІН КӨРСЕТІП, БОЛАШАҚҚА ҚАЖЕТТІ БІРЛІКТІ АҚЫСЫЗ-ПҰЛСЫЗ НАСИХАТТАЙ БІЛДІ. АТЫ ТАРИХТА ҚАЛҒАН ЖЫРАУЛАР МЕН АҚЫНДАРЫМЫЗДЫҢ ӘРУАҒЫ РАЗЫ БОЛСЫН! МЫСАЛЫ, СҮЙІНБАЙ БАБАМЫЗДЫҢ ҚЫРҒЫЗ ҚАТАҒАНМЕН АЙТЫСЫНЫҢ ӨЗІ НЕГЕ ТҰРАДЫ? ҰРПАҚТАН ҰРПАҚҚА МИРАС БОЛҒАН СӨЗДЕРІНДЕ ҚАНШАМА РУХ, АЛАПАТ КҮШ-ҚУАТ ПЕН СҰРАПЫЛ ЕРІК-ЖІГЕР ЖАТЫР.

Қазақстан атауы сынға, безбенге түседі. Осыны ешқашанда естен шығаруға болмайды.

Мәселен, қарапайым тұрмыста, тіршілікте күнделікті тұтынатын азық-түлік өнімдерін алайық.

Қостанай атымен – нан, Алтай атымен – бал, Атырау атымен – балық, Алматы атымен – апорт (алма), Мырзашөл атымен – қауын, Шу, Қаражантақ атымен – қарбыз,

ҰЛТТЫҚ САПА



Фото: qyzylqoga.kz

Үлгі тұтқандар әлі ешкімге есе жібермей келе жатқаны да аян.

Әрине, ол үшін өткенді ғана білу аз, бүгінгіні де електен өткізіп, келер күнге үміт арту қажет.

Айтар сөз, атқарылар іс сапалы, есте қалатындай болғаны мақұл. Ең бастысы – екеуінің арасы алшақ болмауға тиіс.

Мінез-құлқымыз, тәртібіміз, дәстүріміз ғана емес, мың құбылып тұрған әлемдік бәсекеде табар табысымыз, қол жеткізер

жетістігіміз ұлттық намысқа байлануы шарт. Сонда ғана ұлттық тарихи сана-сезім жаңғырады. Ал сапа бәйгесінде ұсақ-түйек болмайды. Жүректен шыққан ниеттен, айтылған сөзден және өндірген өнімнен, ұсынған қызметтен – бәрі-бәрінен тәрбие, білім, біліктілік сапасы көрініп тұрады.

Тұтас алғанда, адал азаматтар, олар ұстанған құндылықтар ғана емес, еліміздің әлемдік қауымдастықтағы мәртебесі, орны,

Қызылорда атымен – күріш, Шымкент атымен – кәуап пен палау, Ақтөбе атымен – ақ тары, Жаңаарқа, Диханкөл атымен қымыз өтеді.

Бұл тізімді үздіксіз жалғастыра беруге болады. Өйткені, елімізде өндірілетін өнім сапасына халық – сыншы, яғни әрбір тұтынушы – төреші. Оның сыртында қаншама адамдардың еңбегі, жұмыс жүйесі, технологиясы, жаңашылдығы, табысы, құқығы тұр. Сондықтан, қисынды сұрау салуды, тізім толықтыруды тиісті мамандарға, талапкерлер мен жарнамаға жаны жақындарға қалдыра тұрайық.

Біздің айтпағымыз басқа. Ол – ұлтымыздың жаңа сапасын қалыптастыруға септесу, зерделі, зиялы кадрларға жол ашу, олардың білімі мен білігіне маңыз беру ісі. Өйткені азаматтарымыз, қандастарымыз қай елде, қандай жерде, қандай деңгейде қызмет етсе де халқымыздың атына, ары мен абыройына, еліміздің атына, өресіне, беделіне сын болмақ.

Басты рәмізіміз – гимн
авторларының бірі, талантты ақын
Жұмекен Нәжімеденов:

Бөз өтеді деседі маталардың

атымен,

Сөз өтеді деседі аталардың

атымен.

Таудың атын қойып ап титтей

төбе-үрпекке,

Түйе қылып түймесін өткізіп жүр

жұрт ептеп...

жайындағы әйгілі «Құтты білік»
шығармасының авторы, ойшыл
Жүсіп Баласағұн: «Мемлекеттен
бастап, кез келген мекемені ізгі
адам басқаруы керек» деп өсиет те
қалдырған екен.

Түркістанда өткен Ұлттық
құрылтайда Президент Қасым-
Жомарт Тоқаев:

«Арлы адам әділетсіздік
жасамайды. Әр салада адалдық
басты орында тұрса, әділ қоғам

түрткі болады. Сондай-ақ оларды
уақытша емес, тұрақты жұмыспен
қамтуды әкімдіктерге, ірі өндірістік
орындарына, түрлі секторлардағы
мекемелерге есептік көрсеткіш
ретінде енгізу өз нәтижесін берері
анық.

Ұлттың жаңа сапасын
қалыптастыру жолында біз ұлыс
ұстыны ретінде адал еңбекті ұсынар
едік. Ешкімді бейжай қалдырмайтын
адал еңбек адал азаматтардың



Фото: kartinki24.ru

деп, осыны меңзесе керек. Әрине,
бұл – ақын жүрегінің байқағыштығы,
әділдігі әрі көрегендігі.

Өйткені «ептеп жүргендер», яки
әлдекімнің арқасында билікке қол
жеткізгендер қазір де баршылық.
Әділетті қоғам құруға бел буған
кезеңде мұндай қадамға жол беруге
мүлдем болмайды. Тіпті қызметтік
әдеп бойынша қатаң тыйым салу
керек. Адамгершілік құндылығы

орнайды. Жемқорлыққа жол
берілмейді, ел мүддесіне сай шешім
қабылданады», – деді.

Сондықтан мемлекеттік кез
келген құрылымда, мекемеде,
ұйымда арлы адамды іріктеудің
өзіндік жауапкершілігін белгілеген
жөн деп санаймыз. Бұл соңғы кезде
жаппай белең алған дерт – кадр
тұрақсыздығына тосқауыл қояры
сөзсіз. Жастардың үмітін оятуға

мәртебесін көтереді, өндірген
өніммен ғана емес, туған елімен
мақтанатын дәрежеге жеткізеді.



ДАРХАН МЫҢБАЙ,
МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ

ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ – ЕРЕКШЕ ЖАНДАРДЫ ЖУРНАЛИСТИКА ЖАНРЛАРЫН МЕҢГЕРІП, САУАТТЫ ЖАЗУҒА БЕЙІМДЕУ. ҚАЗІР ЖУРНАЛИСТИКАҒА ҚҰМАР ЖАНДАР КОМПЬЮТЕРЛІК САУАТТЫЛЫҚ, МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ ТЕЛЕЖУРНАЛИСТИКА БОЙЫНША ДӘРІСТЕН, ТӘЖІРИБЕСІН ШЫҢДАП, ШАҒЫН ХАБАР, АҚПАРАТ, МАҚАЛА ЖАЗУҒА, СҰХБАТ АЛУҒА ТӨСЕЛІП КЕЛЕДІ.

КУРСҚА ҚАТЫСУШЫ «ЗАФИП ЖӘНЕ НАШАР КӨРЕТІН АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КІТАПХАНА» РММ КІТАПХАНАШЫСЫ ЗАХРА ӘНУАРҚЫЗЫ МАХАНОВАНЫҢ ТЕЛЕАРНАДА СЮЖЕТ ЖАСАУДЫҢ ҚЫРСЫРЫ ТУРАЛЫ ЖАЗБАСЫН ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА ҰСЫНАМЫЗ.



БӘРІНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА



Jas qazaq gazeti мен Chevron компаниясының бірлескен ЖОБАСЫ



СЮЖЕТТІҢ ӨЗЕГІ – ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК



«Jas qazaq» газеті мен Chevron компаниясының «Бәріне ортақ журналистика» бірлескен жобасы аясында мүмкіндігі шектеулі жандардан құралған курсқа қатысушылар тобы КТК телеарнасында болып қайттық. Бұл жолғы дәріс «Телеарнаның жаңалықтар бағдарламасына сюжет дайындау» деген тақырыпта өтті. Дәрісті «КТК» телеарнасының ақпараттық бағдарламалар дирекциясының орталық редакциясының жауапты редакторы Диас Нұрақын жүргізді.

Күнделікті теледидардан көретін жаңалықтардың қалай даярланатынын өз көзіңмен көру қызық. Мәселен, біз сюжеттің кіріспе (подводка), кадр сыртындағы мәтін

(ЗКТ), бейне мен дыбыс үйлесімділігі (синхрон), қозғалысты беру (шумовой), тілшінің кадрға шығуы (стендап) сынды сатылардан өтіп, біртұтас дүние

жасалғанға дейінгі байланыстардың маңызы жайында білдік. Көрерменнің сюжет тақырыбын дұрыстап түсінуіне мүмкіндік беретін графикалық кескіндемесі болуына көңіл бөліну керектігі айтылды. 2-3 минуттан аспайтын сюжетте өз мәселесі туралы айтатын адамға 25-30 секунд уақты беріледі. Егер кейіпкер біреуді қаралайтын болса, сюжеттің тепе-теңдік қағидаты бұзылмауы үшін екінші жаққа да микрофон ұсыну қажеттігі жайында мағлұматтар алдық.

Сонымен сюжетті жасар алдында:

- Кімді түсірем?
- Кейіпкерлерім қандай синхрон береді?
- Бейнепандар қандай болмақ?

– Сюжетіме бір жерден ғана түсірілген бейнеплан жеткілікті бола ма, жоқ әлде қосымша тағы бір объектілерді түсіру керек пе?

– Сюжетімде графикалық қосалқы материалдар бола ма?

– Сюжетімнің интершумы не болмақ?

– Сюжет түсіруге қанша уақыт кетеді?

Нәтижесінде, сюжетімде қандай мәселені ашамын? – деген сауалдарға жауап дайындап қою сынды мәліметтерден хабардар болдық.

Бізге сюжет жасау туралы егжей-тегжейлі түсіндірген Диас Нұрақын әрдайым тек фактілерге жүгіну керектігін, дерек пен дәйек – сұхбат берушінің қашанда қуатты құралдарының бірі екендігін жадымызда сақтауымыз керектігін түсіндірді.

**Захра МАХАНОВА,
«ЗНКААРК» РММ қызметкері**

**Бас редактор –
директор**

Срайыл СМАЙЫЛ

Гүлнар АХМЕТОВА
Бас редактордың
орынбасары

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА
офис-менеджер

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ редактор

Мақпал НОҒАЙБАЕВА редактор

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС

Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй,
№83 кеңсе, 5-қабат

(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)